

Мұнай операциясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 18 сәуір N 1662. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.07.18 N 2367 жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының құрылығында, теңізінде және ішкі суларында мұнай операцияларын жүргізуді ретке келтіру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мұнай операцияларын жүргізуге контрактілер жасау мен атқару кезінде Қазақстан Республикасын білдіретін өкілетті орган болып белгіленсін.

Республика Министрлер Кабинетіне мұнай операцияларын жүргізуге контрактілер жасау мен атқару жөнінен өкілеттіктер берілуі мүмкін мемлекеттік органды анықтау құқығы берілсін.

2. Мұнай операцияларын жүргізген кезде мердігер (контрактор) міндетті түрде:

- ставкасы контрактімен белгіленетін, бірақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ставкадан кем болмайтын пайдаға салынатын салықтың;
- мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жер салығынан кем емес мөлшерде контрактіде белгіленетін жерді жалға алу төлемінің;
- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ставкалар мен салық салу объектілері бойынша қосылған құн салығының төлемшісі болады деп белгіленсін.

3. Контракт шарттарына сәйкес мердігер (контрактор) сондай-ақ:

- мөлшері, мерзімі мен төлеу тәртібі контрактіде белгіленетін бонустарды, роялтилерді, қосымша пайдаға салықты;
- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тізбесі тараптардың контракт бойынша келісімімен анықталатын салықтар мен төлемдерді төлейді деп белгіленсін.

4. Былай деп белгіленсін:

- контрактіге сәйкес пайдаға және қосымша пайдаға салынатын салықтың ставкалары контракт қолданылатын бүкіл мерзімнің ішінде өзгертілмейді;
- егер салықтардың бұл түрлері контрактыға сәйкес мердігер (контрактор)

төлеуге тиіс қолданыстағы салықтардың орнына енгізілмеген болса, онда мердігерге (контракторға) контрактыға қол қойылғаннан кейін енгізілген салықтардың жаңа түрлерінен салық салынбайды.

Контракт жасасылғаннан кейін заңдардың өзгеруіне немесе халықаралық шарттардың күшіне енуіне (шарттарының өзгеруіне) байланысты мердігердің жағдайы жақсарған немесе нашарлаған болса, онда тараптардың өзара келісімі бойынша, мердігердің және Қазақстан Республикасының білдіретін өкілетті мемлекеттік органның экономикалық мүдделерінің үйлесіміне жету мақсатында контракттің жекешелеген қағидалары өзгертілуі мүмкін.

5. Мұнай операцияларын сақтандыру сақтандырудың міндетті түрі болып саналсын.

6. Осы Жарлық Заң күшіне ие және ол Қазақстан Республикасының

"Мұнай туралы" Заңы қабылданғанға дейін қолданылады.

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасының жаңадан сайланған Жоғарғы Кеңесінің қарауына Қазақстан Республикасының заң актілеріне жасалатын тиісті өзгертулер мен толықтыруларды енгізсін.

8. Жарлық жарияланған күннен күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті